КӨШІРМЕ
КОПИЯ

Авторлық келісімшарт № 133

Нұр-Сұлтан қаласы

« 01 » _шілде_ 2021 жыл

Бұдан әрі «Автор» деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы Бахытбек Динара Бахытбековна, жеке куәлік № 039151821, 2015 жылғы 03 қарашада ҚР ІІМ берген, бір жағынан және бұдан әрі «Баспа» деп аталатын **«Фолиант» баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** (2002 жылғы 21 қантардағы №11175-1901-ЖШС мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) атынан Жарғы және «Аудармашылық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының негізінде іс-әрекет ететін директоры Нұрлан Сәрсенбіұлы Исабеков тұлғасында, екінші жағынан, тұтас алғанда, «Тараптар» деп аталатындар төмендегі туралы осы келісімшартты жасасты.

1. Келісімшарттың пысанасы

1.1. Осы келісімшарт бойынша Автор Баспаның тапсырысы бойынша бұдан әрі «Шығарма» деп аталатын **Жюль Вернің «Таинственный остров»** атты романын орыс тілінен қазақ тіліне аударуға міндеттенеді.
1.2. Автор оз туындысын осы келісімшартқа қол қойылған кезден бастап 50 (елу) жыл бойы және төменде келісілген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында шектеусіз пайдалануға айрықша құқық береді.
1.3. Баспаның Шығармаға айрықша құқығы оның дербес те, басқа тұлғаларға тиісті рұқсат (лицензия) беру арқылы да Шығармаға қатысты ҚР «Аудармашылық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 10.06.1996 ж. Заңында көзделген барлық іс-әрекетті жүзеге асыра алатының, оның ішінде шығарманы басып шығаруы, таратуы, өңдеуі, сондай-ақ оны электронды түрде веб-сайттарда пайдалануы мүмкін екенін білдіреді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Баспаның құқығы:
2.1. Шығарманы үшінші жақтың ҚР заңнамасында белгіленген кез келген тәсілмен рұқсатсыз пайдалануына тыйым салуға құқылы. Баспа Шығарманы пайдалануға өзінің айрықша құқығын бұзушылардан тікелей шығынды, алынбай қалған пайданы не табысты, не өтемақыны «Аудармашылық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен талап етуге құқылы.
Автордың құқығы:
2.2. Шығармаға Авторлық құқығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және әдістермен қорғауға құқылы.
Баспаның міндеттері:
2.3. Автордың жеке мүліктік емес құқықтарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.
2.4. Шығарманы тиісті сапамен және қабылданған стандарттарға сәйкес басып шығаруға міндетті.
2.5. Пайдаланушы Авторға алғашқы таралымнан 2 (екі) дана тегін кітап беруге міндетті.
Автордың міндеттері:
2.6. Осы Келісімшарт арқылы құқығы Баспаға берілген Шығармаға бәсеке тудыратын оз шығармасын оз есебінен не кез келген басқа тұлғаның есебінен (оның ішінде анонимді түрде немесе бүркеншік атпен) жарияламауға міндетті.
2.7. Осы Келісімшарт бойынша берілген құқық бұзылса немесе кез келген басқа үшінші тұлға дау тұғызса, Баспаға қажетті қолдау көрсетуге, сондай-ақ осы Келісімшарттан туындайтын Авторлық құқығы бұзылуының өзі бірінші болып білген кез келген жағдайы туралы Баспаны дереу хабардар етуге міндетті.
2.8. Автор Шығарманың аударылған бөлігін электронды нұсқада әр апта сайын Баспаға тапсырып отыруға міндетті.
2.9. Автор Шығарманы **2021 жылдың 10 қыркүйегіне** дейін толықтай аударып, электронды нұсқада Баспаға тапсыруға міндетті.

3. Сыйақы

3.1. Шығармаға айрықша құқықты бергені үшін Баспаның Аудармашыға төлейтін сыйақы сомасы **1 бет (1800 символ) мәтінге 1300 (бір мың үш жүз) теңгені** құрайды. Сыйақы мөлшерінен қарастырылған салықтар қоса алынады.
3.2. Сыйақы сомасы Тараптар аударылған материалды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен кейін 30 (отыз) күн ішінде төленеді.

4. Құқықты беру және кепілдіктер

4.1. Баспаның осы Келісімшарт бойынша алынған мүліктік құқықты үшінші тұлғаға беруі жөніндегі әрбір мәміле туралы Автор мәміле жасалған кезден бастап 30 күн ішінде жазбаша хабардар етілуге тиіс.
4.2. Автор Шығарманың бірден-бір Аудармашысы өзі екендігін және осы Келісімшартқа қол қойылғанға дейін Шығармаға айрықша құқық ешкімге берілмегенін және осы Келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде басқа тұлғаға берілмейтінін растап, Баспаға кепілдік береді.

Егер осы Келісімшарт өзінің Авторлық құқығын бұзады деп есептейтін кез келген үшінші тұлғадан Баспаға қатысты сотқа шағым түссе не арыз берілсе, онда Баспа үшін қолайсыз салдарлар үшін бүкіл жауапкершілік жоғарыда берілген кепілдікті бұзған адам ретінде Авторға жүктеледі.

5. Форс-мажор

5.1. Егер осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау тараптардың еркінен тыс жағдайлар салдарынан болса, Тараптар ол үшін жауапкершіліктен босатылады. Еркінен тыс жағдайлар әсеріне ұшыраған Тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдай болған мерзімге ұзартылады.
5.2. Өз еркінен тыс төтенше жағдай әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күн ішінде басқа Тарапты өз еркінен тыс төтенше жағдай әсерінің басталуы мен аяқталуы туралы хабардар етуге міндетті.
5.3. Егер тараптардың еркінен тыс жағдайлар 1 (бір) айдан астам мерзімге созылатын болса, Тараптардың міндеттемені одан әрі орындаудан бас тартуға және осы Келісімшартты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Баспа Авторға Шығарманы қайтарып беруге және тараптардың еркінен тыс жағдайлар туындаған кезге дейін Шығарманы пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуге міндетті.

6. Келісімшарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту, бұзу тәртібі және дауларды шешу тәртібі

6.1. Осы Келісімшарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 10.07.2071 ж. дейін қолданылады.
6.2. Осы Келісімшартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, жазбаша түрде орындалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері оған тиісінше қол қойған жағдайда ғана Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
6.3. Келісімшарт Тараптардың қалауы бойынша немесе форс-мажорлық жағдайға байланысты бұзылуы мүмкін.
6.4. Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеудің барлық орынды шараларын қолданады.
6.5. Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарында шешілетін болады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Келісімшарт бірдей заң күші бар екі түпнұсқа дана етіп жасалды, оның бірі – Баспаға, екіншісі Аудармашыға арналған.
7.2. Осы Келісімшартта көзделмеген өзге де жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.
7.3. Баспа қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Келісімшарт бойынша барлық құқық пен міндеттеме тоқтатылмайды, оның құқық мұрагеріне беріледі.
7.4. Тараптар мекенжайы мен деректемелерінің өзгеруі туралы бір-бірін 5 (бес) күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.
7.5. Келісімшарттың әрекет ету мерзімі осы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 50 (елу) жыл.

8. Заңды мекенжайлары, реквизиттері мен Тараптардың қолдары:

Баспа:
«Фолиант» баспасы» ЖШС
010000, Нұр-Сұлтан қ.,
Ш. Айманов, 13 көшесі
БИН 020140000742
ИИК KZ828560000000504275

БИК KCJBKZKX
АО «Банк ЦентрКредит» г. Астана

КБЕ 17. Тел.: (717) 231-03-69

Директор

_____ Н.С. Исабеков

Автор:
Бахытбек Динара Бахытбековна
Нұр-Сұлтан қаласы,
Байтұрсынұлы көшесі 53/7
ЖСН 900914402075
жеке куәлік № 039151821,
2015 жылғы 03 қарашада
ҚР ІІМ берген
Ұялы тел. +7 708 654 7530
KZ12722C000013398454
«Каспий Банк» АҚ

Автор

_____ Д. Бахытбек

30.05.2024 жылы, мен Қазақстан Республикасының Астана қаласының нотариусы Сатыбалдинова Сымбат Канатовна, 05 желтоқсан 2014 жылы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі берген №14018243 мемлекеттік лицензия негізінде, осы көшірменің құжаттың түпнұсқасы мен дұрыстығын куәландырамын. Соңғысында газартылып өшірілген, қосылып жазылған, сызылған сөздер және өзге де келісілмеген түзетулер немесе қандай да бір ерекшеліктер болған жоқ.

30.05.2024 года, я, нотариус города Астана Республики Казахстан - Сатыбалдинова Сымбат Канатовна, государственная лицензия №14018243, выданная 05 декабря 2014 года Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую верность этой копии с подлинником документа, в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Тізілімге тіркелді/Зарегистрировано в реестре за № 266

Төленді/Оплачено _____ теңге

Нотариус

Нөмірленді, тігілді және бау өткізілді
Прошнуровано и пронумеровано
на 2 бетте
листах
нотариус Сатыбалдинова С.К.

EC780503324053016461 1V432895

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия